

6D072100-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін Отарбаев Нұрлыйбек Шырынбекұлының «Макта гудронын өндеудегі жанама өнімдер негізінде мұнайдың деэмульсация реагенттерін алу технологиясын әзірлеу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына рецензенттің

ПІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Н.Ш.Отарбаевтың диссертациясында макта гудрондарын өндеудің жанама өнімдері негізінде мұнайды деэмульсиялық реагенттерін алушын жана технологиясын жасау және ұнғымалық өнімді дайындау процесінің технологиясын жеделдетуге мүмкіндік беретін парафинді мұнайды сусыздандыру мен тұзсыздандыруға арналған тиімді реагенттерді алу мәселелері қарастырылады.

Қазақстанда пайдаланылатын мұнай кен орындарын өндіру мәселелері авторлық талдау көрсеткендей, мұнаймен бірге судың 90% -дан астамы өндіріліп, онымен тұракты мұнай-эмulsionясын қалыптастырады, табиғи беттік активті заттар мен шайырлармен тұрактандырылады. Қазіргі жағдайда ұнғымалық өнімдерді дайындауда тұракты су-мұнай эмульсияларын жою басты мәселелердің бірі болып табылады. Мұнайда судың едәуір мөлшерде болуы мұнай кәсіпшілігінде, мұнайды өндеуде коррозиялық процестермен байланысты. Бұл құбылыстар ұнғымалардан мұнай өндіруді айтарлықтай қыннатады, мұнай өндіретін кондырғылардың, құбыр желілері коммуникациясының жұмысына кері әсерін тигізеді. Әсіресе бұл мәселе Онтүстік-Торғай шөгінді алабындағы кен орындары үшін өзекті, онда жоғары парафинді мұнай өндіріледі

Өндірілетін ұнғы өнімдерінде бар «мұнайдагы су» типті мұнайдады кері эмульсиялар айтарлықтай тұракты, мұндай эмульсиялардың бұзылуына реактивтер - деэмульгаторлар көмегімен ғана қол жеткізуге болады. Ұнғымадағы өнімдерді өндіруде «мұнайдагы су» түріндегі кері сулымұнай эмульсиялардың тұрактылығы жоғары болғандықтан, оларды тек реагенттердің – деэмульгаторлардың көмегімен ғана бұзуға болады. Автор жүргізген талдау көрсеткендей, қазіргі кезде жұмыс істеп тұрған деэмульгаторлардың кең спектрі болғанымен, оларды тәжірибеде қолдану әрдайым қажетті нәтиже бере бермейді. Демульгаторлардың бағасы айтарлықтай жоғары болғандықтан, олардың құнын төмендету және тиімділігін арттыру мәселесі өте өзекті болып табылады. Екіншілік ресурстар мен калдықтарды қолдану өнімнің өзіндік құнын төмендетуде өте маңызды. Өсімдік майларын өндеу процесінен алынатын екіншілік ресурстардың негізгі құраушылары соапстоктар мен гудрондар май қышқылдарының дистилляттары болып таблады.

Арзан және қол жетімді шикізатты пайдаланып мұнайды сусыздандыру мен тұзсыздандыру үшін жаңа қазіргі заманғы талаптарға сай тиімді реагент алу мәселесі бұл диссертациялық жұмыстың қажеттілігі болып табылады.

Диссертациялық жұмыс мемлекеттік бюджеттік ғылыми-зерттеу жұмыстары, сондай-ақ М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Май өнеркәсібінің калдықтарынан мұнайгаз саласы үшін жаңа тиімді материалдар алу технологияларын өзірлеу» тақырыбы бойынша бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында жүргізілді.

2. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдардың жаңалығы.

Диссертациялық жұмыста келтірілген жаңа ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар келесідей:

1. Сумұнайлы эмульсияны бұзу үшін май қышқылдары дистилляциясы гудронын фракциялау әдістері жасалынды, фракциялардың құрамын және олардың деэмульгирлеу әсерлерінің химиялық реагенттерді синтездеуге колданылу мүмкіндіктері анықталды.

2. Гудронның сабындану процесіне негізгі факторлардың әсер ету механизмі зерттелді, органикалық майлардан су фазасына май қышқылдарының диффузия процесін сипаттайтын тендеу алынды, бейтараптандырудың лимиттелеңтін сатысы және гудронның модельдік үлгілері үшін реакциялық фазасы анықталды, араластырғыш-тұндырғыш экстракторда және роторлы - пульсациялық аппаратта май қышқылдарын бензинді экстракциялау процестерінің технологиясы оптимизацияланды.

3. Макта гудронынан алған май қышқылдарын оксиэтилдеу мен этерификациялау процестері жүргізілді, процесті жүргізуіндің қағидалық әдісі ғылыми негізделді, оксиэтилденген және этерификацияланған май қышқылдарын алу процесстерінің технологиялық сызба-нұсқалары жасалды.

4. Деэмульгирлеуші әсері бар химиялық реагенттер алынды, шікі мұнайды сусыздандыратын реагенттер – деэмульгаторлардың құрамы зерттелді, деэмульгаторлардың түрлері мен олардың қоспаларының құрамы оптимизацияланды, синергетикалық әсер беру үшін комплексті әсері бар деэмульгаторлардың жаңа құрамдарын жасау қағидалары негізделді.

3. Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелер мен қорытындыларының нақтылық, өзіндік дәрежесі, ішкі бірлік және академиялық адалдық дәрежесі.

Эксперименттік деректердің тәуелсіздігі мен сенімділігі заманауи құралдар мен зерттеу әдістерін қолдану арқылы қамтамасыз етіледі. Тапсырмаларды автор өз бетінше шешті, мұнда алға койылған мақсатқа жету үшін осы міндеттерді өзі шеше алатындығын көрсетті.

Макта гудроның өндеуде жанама өнімдер негізінде мұнайды деэмульсация реагенттерін алу технологиясы диссертациялық жұмыста негізделген.

Жұмыстың сенімділігі зертханалық жабдықтар мен приборларды қолдана отырып, макта гудронынан алған май қышқылдарын

оксиэтилдеу және этерификациялау процестерін эксперименттік орындау бойынша жұмыстар кешенін жүргізуден тұрады.

Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі мен академиялық адалдық тұтастығы келесідей. Автор диссертациялық жұмысты жүзеге асырудағы ішкі бірлік пен академиялық адалдықты көрсететін кешенді зерттеулер жүргізді. Диссертацияның бөлімдері бір-бірімен байланысып толықтырады.

Сумұнай эмульсиясының бұзылу мәселесінің жай-күйіне талдау жасады, шикізат пен объектілерді, шикізаттан май қышқылдарын бөліп алу әдістерін, мұнайды сусыздандыру үшін реагенттер алуды, алынған реагенттерді пайдаланудағы экономикалық тиімділігін сыйнектан өткізуі және есептеуді жүргізді.

5. Диссертацияның ғылыми нәтижелерінің практикалық құндылығы

Диссертациялық жұмыста бастапқы шикізатты алу технологиялары әзірленді, сондай-ақ гудронның оксиэтилденген май қышқылдары (ОЖКГ) және гудронның май қышқылдары эфирлері (ЭЖКГ) негізінде деэмульгирлеуші әсер беретін реагенттер алынды және зерттелді, оларды алу процестерінің технологиялық схемалары әзірленді.

«Мұнайгазпроект» ЖШС-де жартылай өнеркәсіптік сыйнектар өткізілді. Сынқ әтижелері әзірленген композиция мұнайды сусыздандыру және тұzsыздандыру кезінде 35-45 г/т тұтыну кезінде жоғары тиімділікке ие екендігін көрсетті. Қалдық судың мөлшері 0,5-0,7%, тұздар - 40-60 мг/л дейін құрады.

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік органикалық және мұнайхимиялық синтездердің шикізат базасын едөуір кеңейтуге мүмкіндік бере отырып шикі мұнайды сусыздандыру мен тұzsыздандыруда колданылатын химиялық реагенттерді алу диссертациялық жұмыста әтижеленген.

6. Диссертация бойынша ескертулер мен ұсыныстар.

1. 3.2.3 бөлімінде бастапқы дистилляциялық шайырдың сабындану санын анықтау туралы мәліметтер көлтірілген. Бұл зерттеулер қандай мақсаттарда және қандай қондырғыларда жүргізілгенін түсіндіріп беріңізші?

2. Май қышқылның бөліну процесінің механизмін зерттеу кезінде нейтралданудың шекті кезеңі және гудронга реакциялық фаза калай анықталды (3.11)?

3. Май қышқылдарының этерификациясы қандай жағдайда жүргізілді. Этерификация кезінде аралық кешеннің пайда болуы туралы болжамдар калай жасалады?

4. 3-бөлімде (3.4.2) электр өрісінің кернеулігінің эмульсиялық тамшылардың жақындау уақытына электр өрісі кернеулігінің әр түрлі мәндеріндегі әсері туралы мәліметтер көлтірілген. Эмульсия тамшыларының жақындау уақытының төмендеуінің себебін түсіндіріңіз?

5. Диссертация мәтінінде стилистикалық және арфографиялық қателер кездеседі.

7. Диссертация мазмұнының «Ғылыми дәрежені беру ережелері» талаптарына сәйкестілігі.

Н.Ш. Отарбаевтың философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Макта гудроның өндөудегі жанама өнімдер негізінде мұнайдың деэмульсация реагенттерін алу технологиясын әзірлеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады, ғылыми негізделген теориялық және эксперименттік нәтижелерден тұрады, олардың жиынтығы мұнайгаз саласы, мұнайды тасымалдауға және өндөуге дайындаудағы жаңа, тиімді деэмульгирлеуші әсері бар реагенттер алу үшін үлкен маңызға ие.

Осылайша, жоғарыда айтылғандардың негізінде Н.Ш.Отарбаевтың диссертациялық жұмысы PhD диссертацияларға қойылатын «Ғылыми дәрежені беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді, ал ізденуші 6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университеті «Мұнайхимиясы» инженерлік бейіндеңі зертхана менгерушісі,
х.ғ.д., профессор

инженерлік
жылдарынан

Сагинаев А.Т.

Саринаев А.Т
КОЛ (лар)ды бекітемін
БКБ басшысы Freud
« » 20 ж.

